

«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ «АЙГӨЛЕК»
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
ЯСЛИ-САД «АЙГӨЛЕК»
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ
ЖЕТІСУ

21.10.2025 _____
Сырымбет ауылы

№ 68-н _____
село Сырымбет

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына және білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі талаптарға сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.
2. Барлық қызметкерлер бекітілген стандартпен таныстырылып, оның талаптарын қатаң сақтауы міндеттелсін.
3. Стандарттың орындалуын бақылау Байғалий М. жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауыма аламын.

Меңгеруші :




А.Ж.Сулейманова

«БЕКІТЕМІН»

«Айгөлек» бөбекжай-

бақшасының меңгерушісі

 А.Ж.Сүлейманова

2025 жылғы «21» қазан

№68-н бұйрығымен бекітілген

Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 2-тармағына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты – бөбекжай-бақша қызметкерлерінің адалдық қағидаттарын ұстануға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін айқындау.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1. Қызметкерлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты ұстаным қалыптастыру;

2. Қызмет барысында белгіленген қағидаларды бұлжытпай орындауға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерді айқындау;

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсынымдар жүйесін белгілеу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары:

1. Заңдылық;

2. Адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды басымдыққа алу;

3. Жариялылық пен айқындық;

4. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдескен адамдарды қорғау және көтермелеу;

8. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығы.

2-тарау. Қызметкерлердің іс-әрекет қағидалары

5. Бөбекжай-бақша қызметкерлері өз қызметін атқару кезінде:

1. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;
2. Адал, әділ және әдепті болуға;
3. Қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге;
4. Мемлекеттік және басқа тілдерге, салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға;
5. Өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан сынға себеп болмауға;
6. Тексерілмеген немесе жалған ақпарат таратпауға;
7. Қызметкерлердің құқықтарын бұзбауға;
8. Лауазымдық өкілеттіктерін жеке пайда табу мақсатында пайдаланбауға міндетті.

6. Бөбекжай-бақша басшылығы шешім қабылдау кезінде:

1. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін нақты айқындауға;
2. Еңбек жүктемесін әділ бөлуге;
3. Көтермелеу мен жазалау кезінде әділ және объективті болуға;
4. Әдепсіздік пен дөрекілікке жол бермеуге;
5. Заңсыз немесе орындалуы мүмкін емес тапсырмалар бермеуге;
6. Қызметтік емес тапсырмалар беруге жол бермеуге;
7. Мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оны уақтылы реттеуге тиіс.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметкерлер:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтауға;
2. Артық құжаттар талап етпеуге;
3. Қызмет алушыларға нақты және толық ақпарат беруге;
4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзбауға;
5. Қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған шаралар қабылдауға;
6. Өтініш берушілермен қызметтік емес қатынастар орнатпауға міндетті.

8. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезінде:

1. Азаматтардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету;
2. Қызметкерлерге міндеттері мен шектеулерін түсіндіру;
3. Кадрларды іріктеу кезінде заң талаптарын сақтау;
4. Қызметкерлердің жеке деректерін жария етпеу;
5. Қызметтік тексерулерді әділ және жан-жақты жүргізу қажет.

3-тарау. Өзге де шектеулер, тыйымдар және талаптар

9. Қызметкерлер өз құзыреті шегінде:

1. Мемлекеттік саясатқа адал болуға;
2. Заңдылық қағидатын басшылыққа алуға;
3. Еңбек тәртібін сақтауға;
4. Мемлекеттік мүлікті ұқыпты пайдалануға;
5. Қаражатты тек қызметтік мақсатта жұмсауға;

6. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алуға және болдырмауға;
7. Қызметтік ақпаратты заңсыз жария етпеуге;
8. Мүдделер қақтығысын болдырмауға және оны жазбаша хабарлауға;
9. Қызметтік әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

10. Қызметкерлерге тыйым салынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әрекеттерге;
2. Қызметтік өкілеттіктерін жеке пайдаға пайдалануына;
3. Басқа адамдарды заңсыз әрекетке итермелеуге;
4. Артықшылықтар мен протекционизм көрсетуге;
5. Туыстардың мүддесін көздеп шешім қабылдауға;
6. Заңсыз сыйақы, сыйлықтар қабылдауға;
7. Мемлекеттік мүлікті жеке мақсатта пайдалануға;
8. Ойын бизнесіне және құмар ойындарға қатысуға.

4-тарау. Қорытынды ережелер

11. Бөбекжай-бақша қызметкерлері осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды міндетті түрде сақтауға тиіс.
12. Стандарт талаптарын бұзған қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.
13. Қызметкерлердің стандарттарды сақтауын бақылау бөбекжай-бақша басшысына жүктеледі.